

## Жылжымалы мүліктің қаржы лизингі шартын мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 мамыр N 597 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1247 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы № 1247 Қаулысымен.*

"Қаржы лизингі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Заңының 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Жылжымалы мүліктің қаржы лизингі шартын мемлекеттік тіркеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 3 мамырдағы  
N 597 қаулысымен бекітілген

### **ЖЫЛЖЫМАЛЫ МҮЛІКТІҢ ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ ШАРТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ЕРЕЖЕСІ**

Осы Ереже "Қаржы лизингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әзірленді.

#### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Осы Ереже жылжымалы мүліктің қаржы лизингі шартын (бұдан әрі - лизинг шарты) мемлекеттік тіркеу тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолдануға жатады.

2. Лизинг шарты міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жатады.

Лизинг шартына өзгерістер мен толықтырулар, егер лизинг берушіні немесе лизинг алушыны, лизинг мәнін, сондай-ақ лизинг шартының қолданылу мерзімін өзгертуге әкеліп соқтырса, олар міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жатады.

3. Сублизинг шарты тіркелуі тиіс:

1) лизинг шарты немесе сублизинг шарты тараптарының біреуінің талабы

б о й ы н ш а ;

2) егер лизинг шартымен оның мерзімінен бұрын тоқтатылуы оған сәйкес жасалған сублизинг шартының тоқтауына әкеп соқтырмайтыны көзделсе.

4. Лизинг мәнін уақытша иелену және пайдалану құқығы лизинг шарты мемлекеттік тіркелген кезден бастап "Қаржы лизингі туралы" Заңның 5-бабына сәйкес лизинг алушыға толық көлемде өтеді.

5. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу лизинг мәніне лизинг берушінің және лизинг алушының құқықтарын мемлекеттің растауы мақсатында жүзеге асырылады.

6. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу Жылжымалы мүліктің қаржы лизингі шарттары тізіліміне тиісті жазу енгізу жолымен жүзеге асырылады.

7. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу лизинг берушінің не лизинг алушының өтініші бойынша жүзеге асырылады.

8. Осы Ереже сублизинг шартын мемлекеттік тіркеуге қолданылады.

## **2. ЛИЗИНГ ШАРТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ҚҰЖАТТАР, ОЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

9. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші тіркеуші органға мыналарды табыс етеді:

лизинг шартын мемлекеттік тіркеу туралы жазбаша өтініш;

екі данада лизинг шарты;

егер лизинг беруші банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйым болса, лизинг қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

егер лизинг мәні міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымалы мүлік болса, лизинг мәніне меншік құқығының мемлекеттік тіркелу фактісін растайтын құжаттың көшірмесі.

Бұдан басқа, жоғарыда көрсетілген құжаттармен бірге:

1) жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлға тіркеушіге жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді және салық есебінде тұру фактісін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады;

2) заңды тұлғаның өкілі заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін, нотариалды куәландырылған жарғының немесе ереженің көшірмесін, заңды тұлғаның салық есебінде тұру фактісін растайтын құжаттың көшірмесін, сондай-ақ оның жеке басын куәландыратын құжатты және осы заңды тұлғаның атынан іс-қимыл жасауға оның өкілеттігін растайтын нотариалды куәландырылған құжатты ұсынады.

10. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу үшін берілетін өтініш мыналарды қамтуы тиіс:

1) тіркеуші органның атауы;

2) өтініш берушінің атауы және орналасқан жері (заңды тұлға үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты, тұрған жері (жеке тұлға үшін);

3) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлға өкілінің өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректері (атауы, сериясы, нөмірі, берілген күні);

4) лизинг шартының жасалған күні және орны;

5) қоса берілетін құжаттардың тізімдемесі;

6) өтініш берушінің немесе оның өкілінің қолы.

Сублизинг шартын мемлекеттік тіркеу үшін берілетін өтініш, жоғарыда көрсетілген тармақтардан басқа мыналарды қамтуы тиіс:

лизинг мәнін сублизингке беруге лизинг берушінің келісімі туралы мәлімет, осындай келісімді жазбаша растау қоса тіркеліп;

лизинг шартының мемлекеттік тіркелуіне сілтеме (тіркеу N және күні).

11. Лизинг шарты мемлекеттік тіркеуге, заңнамамен белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген, екі түпнұсқа данада тапсырылады.

### **3. МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ**

12. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу құжаттар қабылданған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс.

13. Қажетті құжаттарды алған кезден бастап тіркеуші орган мынаған міндетті:

1) мемлекеттік тіркеуге түскен құжаттардың есебін жүргізу журналына

өтінішті енгізуге және нөмір беруге;

2) өтініш берушіге өтініштің күні және нөмірі көрсетіліп, тапсырылған құжаттардың қабылданғанын растайтын қолхат беруге;

3) өтініштегі мәліметтердің дұрыстығын тексеруге;

4) Жылжымалы мүліктің қаржы лизингі шарттарының тізіліміне осы Ереженің 21-тармағында белгіленген деректерді енгізуге;

5) мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылғаннан кейін лизинг шартының мемлекеттік тіркеу жүргізілгені туралы мөртабан басылған бір данасын өтініш берушіге қайтаруға.

14. Егер лизинг шарты нотариалды түрде куәландырылмаса және лизинг шартының тараптары (тараптардың бірі) жеке кәсіпкер болып табылатын жеке тұлға болса, тіркеуші орган мәміле жасаған тұлғалардың қолдарының растығын, сондай-ақ олардың өз еркіне сәйкестігін тексеруге міндетті.

#### **4. ЛИЗИНГ ШАРТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ОРНЫ**

15. Мәні міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жататын мүлік болып табылатын лизинг шартын мемлекеттік тіркеуді, лизинг мәнін мемлекеттік тіркеген орын бойынша, осы мүлікті мемлекеттік тіркеуге уәкілетті органдар жүзеге асырады.

16. Мәні міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жатпайтын мүлік болып табылатын лизинг шартын мемлекеттік тіркеуді, лизинг алушының аумақтық салық органында салық есебіне тұрған орны бойынша, "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитетінің Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтарының" мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары жүзеге асырады.

Егер лизинг алушы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекемесі, филиалы немесе өкілдігі жоқ Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, лизинг шартын мемлекеттік тіркеу лизинг берушінің аумақтық салық органында салық есебіне тұрған орны бойынша жүзеге асырылады.

*Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.18. N 816 Қаулысымен.*

#### **5. МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰЖАТТАМАСЫ**

17. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін құжаттамасының нысаны мен мазмұнын тіркеуші орган осы Ережеге сәйкес белгілейді.

## **6. МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУГЕ ТҮСЕТІН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУ ЖУРНАЛЫ**

18. Мемлекеттік тіркеуге түсетін құжаттардың есебін жүргізу журналы есеп және өтініштердің және лизинг шарттарының, сондай-ақ басқа да құқық белгілеуші құжаттардың есебін жүргізу әрі оларға нөмір беру мақсатында жүргізіледі.

19. Тіркеу органына келіп түскен әрбір өтінішке сызықша арқылы жазылатын, ағымдағы жылға және өтініштің реттік нөміріне сәйкесті нөмір беріледі.

Өтінішке берілген нөмір өзгермейді және лизинг шартын (өзге де құқық белгілеуші құжатты) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру кезінде оны мемлекеттік тіркеу жүргізілгені туралы мөртабанға қою арқылы беріледі.

20. Мемлекеттік тіркеуге түскен құжаттардың есебін жүргізу журналында мынадай бағандар болуы тиіс:

1) "Өтініштің N";

2) "Өтініш берушінің атауы (Т.А.Ө.)";

3) "Өтініш қабылдаған күн";

4) "Құжаттың берілген күні, алушының тегі, аты-жөні және қолы".

Тіркеуші органның қарауы бойынша мемлекеттік тіркеуге түсетін құжаттардың есебін жүргізу журналының мазмұнына қосымша бағандар кіргізілуі мүмкін.

## **7. ЖЫЛЖЫМАЛЫ МҮЛІКТІҢ ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ ШАРТТАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ**

21. Жылжымалы мүліктің қаржы лизингі шарттарының тізілімінде мыналар болуы тиіс:

1) лизинг шартын, лизинг шартына өзгерістер мен толықтыруларды, сублизинг шартын мемлекеттік тіркеген күн;

2) лизинг алушы және лизинг беруші туралы деректер;

3) құқық белгілеуші құжаттың (лизинг шартының, лизинг шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шарттың, сублизинг шартының) нөмірі;

4) лизинг шартының, лизинг шартына өзгерістер мен толықтырулардың, сублизинг шартының жасалған күні және орны;

5) лизинг мәні;

6) лизинг мәнінің құны;

7) шарттың қолданылу мерзімі;

8) лизинг шартының, сублизинг шартының тоқтатылуы туралы деректер.

## **8. ЛИЗИНГ ШАРТЫН ТІРКЕУДІ ТОҚТАТА ТҰРУ ЖӘНЕ ОДАН БАС ТАРТУ ҮШІН НЕГІЗДЕР**

22. Мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру үшін лизинг шарты тараптарының бірінің не лизинг шартын даулаушы өзге мүдделі тұлғаның жазбаша арызы негіз болып табылады. Мемлекеттік тіркеу 10 күннен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін. Егер осы мерзім ішінде лизинг шартын даулаушы тұлға өзі беретін талап арызға дәлелдер ұсынбаса, лизинг шартын мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылуы тиіс, ал сотқа талап арыз беруге дәлелдер ұсынған ретте дауланып отырған лизинг шартын мемлекеттік тіркеу істі сот шешкенге дейін тоқтатыла тұрады.

23. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеуден бас тарту үшін мынадай жағдайлар негіз болады:

1) лизинг шартының "Қаржы лизингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының талаптарына сәйкес келмеуі;

2) құжаттарда ескертілмеген тазалаулар, мәтінде түзетулер, өңделген іздерінің болуы;

3) тиісті емес тұлғаның мемлекеттік тіркеуге өтініш білдіруі;

4) осы Ережеге сәйкес талап етілетін құжаттардың тапсырылмауы.

24. Бас тарту жазбаша түрде ресімделеді және құжаттар қабылданған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге жіберіледі.

25. Мемлекеттік тіркеуден бас тарту үшін негіз болған мән-жайлар жойылған кезде өтінуші тіркеу органына жаңа өтініш беріп, қайтадан жүгінуге құқылы.

26. Өтініш беруші, лизинг шартын мемлекеттік тіркеуден бас тартуға не мемлекеттік тіркеуден жалтаруға сот тәртібімен шағымдана алады.

## **9. МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ КЕЗІНДЕ ЖІБЕРІЛГЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАТЕЛЕРДІ ТҮЗЕУ**

27. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу кезінде жіберілген жазудағы техникалық қателер қате анықталғаннан немесе кез келген мүдделі тұлғадан жазудағы қате туралы жазбаша түрде өтініш алғаннан кейін тіркеуші органның шешімімен үш күн мерзімде түзетіледі. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу кезінде туындайтын қатынастардың қатысушылары техникалық қателердің түзетілгені туралы осындай мерзімде міндетті түрде жазбаша ақпарат алады. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу кезінде жіберілген техникалық қатені түзету, егер мұндай түзету тиісті тіркеу жазуына сүйенген құқық иелерінің немесе үшінші тұлғалардың заңды мүдделеріне зиян келтіруі немесе оларды бұзуы мүмкін деп пайымдауға негіз жоқ болған жағдайда жүзеге асырылады.

28. Егер техникалық қатені түзету тиісті тіркеу жазуына сүйенген құқық иелерінің немесе үшінші тұлғалардың заңды мүдделеріне залал келтіруі немесе бұзуы мүмкін деп пайымдауға негіз бар болған жағдайларда, мұндай түзету лизинг шарты тараптарының келісімімен не сот шешімімен жүргізіледі.

## **10. ТІРКЕЛГЕН ЛИЗИНГ ШАРТЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТӘРТІБІ. ТІРКЕЛГЕН ЛИЗИНГ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ ЖАЗУДЫ ЕНГІЗУ**

29. Тіркелген лизинг шартына өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу тіркеуші органға өтініш беру жолымен жүргізіледі. Өтініште бастапқы тіркелген лизинг шартына сілтеме, лизинг шартына өзгерістердің және толықтырулардың сипаттамасы болуы тиіс. Өтінішке лизинг шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шарттың екі түпнұсқа данасы қоса тапсырылуы тиіс, оның біреуі өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырғаннан кейін мемлекеттік тіркеу жүргізілгені туралы мөртабан басылып, өтініш берушіге қайтарылады.

30. Тіркелген лизинг шарты тоқталған кезден бастап үш күн ішінде өтініш беруші тіркеуші органға жазбаша хабарлама және лизинг шарты тоқтатылғанын растайтын құжаттарды жіберуге міндетті.

Тіркеуші орган тіркелген лизинг шарты тоқтатылғаны туралы жазбаша хабарламаны алған кезден бастап Жылжымалы мүліктің қаржы лизингі шарттарының тізіліміне лизинг шартының қолданылуы тоқтатылғаны туралы тиісті жазу енгізеді.

31. Лизинг шартын және оны мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану туралы сот шешімі негізінде мүдделі тұлға тіркеуші органға лизинг шартын мемлекеттік тіркеуді жою туралы өтініш беруге құқылы.

3 2 . < \* >

*Ескерту. 32-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1181 қаулысымен .*

## **11. ЛИЗИНГ ШАРТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ**

33. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеу жүргізілгені туралы деректерді тіркеуші орган осы ақпаратты сұраған кез келген тұлғаға береді.

34. Құқық белгілеуші құжаттардың (лизинг шарты және басқалар) көшірмелері құқық иеленушінің сұрауы бойынша, құқық қорғау, сот, салық, кеден және басқа да мемлекеттік органдардың дәлелді сұраулары бойынша беріледі. Өзге жағдайларда көрсетілген құжаттар құқық иеленушінің жазбаша келісімімен беріледі.

## **12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТӘРТІБІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ**

35. Лизинг шартын мемлекеттік тіркеуге және мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат беруге байланысты даулар сотпен шешіледі.

36. Тіркеуші орган заңнамалық кесімдермен белгіленген тәртіпте мыналар үшін жауапты болады:

1) лизинг шартын мемлекеттік тіркеу ережесін сақтамау;

2) "Қаржы лизингі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сай келмейтін лизинг шартын мемлекеттік тіркеу;

3) мемлекеттік тіркеу және Жылжымалы мүліктің қаржы лизингі шарттары тізіліміне енгізу үшін оған берілген лизингі шарты туралы мәліметтердің дәл



еместігі, толық енгізілмеуі және ақпаратты бұрмалау;

4) мүдделі тұлғалардың сұрауы бойынша Жылжымалы мүліктің қаржы лизингі шарттары тізілімінен үзінді беруден заңсыз бас тарту;

5) мемлекеттік тіркеу үшін тапсырылған құжаттарды және ақпаратты, сондай-ақ Жылжымалы мүліктің қаржы лизингі шарттары тізіліміне енгізілген ақпаратты сақтау тәртібін бұзу;

6) коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты жария ету.

37. Егер өтініш беруші осы Ереженің 30-тармағының талаптарын орындамағаны салдарынан лизинг шарты туралы ақпараттың мазмұны бұрмаланса, тіркеуші орган мұндай бұрмалаушылық үшін жауапты болмайды.

38. Мемлекеттік тіркеу, ақпарат беру тәртібін бұзумен, ақпараттың мазмұны бұрмалануымен келтірілген шығындар тіркеуші органның өтеуіне жатады. Беруге болатын және берілуі тиіс ақпаратты жасыруға ықпал ететін мәліметтерді қасақана бұрмалау және өзге де әрекеттер заңнамалық кесімдермен белгіленген тәртіпте жауаптылыққа әкеп соқтырады.